Оспанкулов Ернар Ерланович

6D010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына

АҢДАТПА

Бастауыш білім беру жүйесі жеке тұлға қалыптастыруда оқушының қабілеттерін, оқу ісіндегі оң мотивациясы мен іскерлігін, бастауыштан соң келетін негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын толыққанды меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің және тағы да басқа көптеген өмір сүруге қажетті дағдыларын оқушылардың өзбетімен орындау арқылы дамытуға бағытталуын көздейді. Оқушылар оқу-тәрбие үдерісінде тапсырмаларды өзбетімен орындауы олардың білім алуында белсенділіктерін арттырады. Бұл ретте денешынықтыру сабақтарында орындалатын жалпы дамыту жаттығуларының маңызы ерекше. Олар арқылы бастауыш сынып оқушыларының шапшаңдық, төзімділік, координация және реттелу, икемділік, дененің тепе-теңдігін сақтауы, дәлдігін, кеңістік пен уақытты бағдарлау т.б. дағдыларын қалыптастыру тиімді жүзеге асады.

Зерттеудің тақырыбы: **«Жалпы дамыту жаттығулары арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдыларын дамыту»**

Зерттеудің мақсаты: жалпы дамыту жаттығулары арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдыларын дамытудың теориялық негіздерін айқындап әдістемесін жасау және оның тиімділігін педагогикалық тәжірибелік-эксперимент арқылы тексеру.

Зерттеудің міндеттері

1. Жалпы дамыту жаттығулары арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдыларын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау.
2. «Бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдылары» ұғымының мәнін, құрылымын нақтылау.
3. Жалпы дамыту жаттығулары арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыру.
4. Жалпы дамыту жаттығулары арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдыларын дамыту әдістемесін әзірлеп, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеу әдістері: теориялық-философиялық, психологиялық, педагогикалық, физиологиялық, әдістемелік әдебиеттер мен зерттеулерді талдау, тақырыпқа қатысты түйінді мәселелерді танып-білу, жинақтау, салыстыру, модельдеу; эмпирикалық-педагогикалық бақылау, мұғалімдермен әңгімелесулер өткізу, мұғалімдер мен оқушылар арасында сауалнама жүргізу, педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін сандық және сапалық талдау.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар (дәлелденген ғылыми болжамдар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар):

1. Жалпы дамыту жаттығулары – балалардың физикалық жағынан дамуының негізі және оқушылардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін жетілдіруші, денсаулығын нығайтудың және ақыл-ой әрекеті қабілетінің жетілдірудің сапалы көзі. Сондықтан бастауыш мектепте жалпы дамыту жаттығуларын оқушылардың өз бетімен қолдануын қалыптастыру әдістемесінің сенімді де нық, теориялық жүйесі, әдіснамалық тұғырлары анық болуы міндетті болып саналады.

2.«Бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдылары» ұғымы осы мәселе жайындағы білім, сабақта оның түрлерін білу, ойын, жарыс әдістерінің мәнін, қызметін түсіну, оқушылардың қазақ ұлттық элементтері бар жалпы дамыту жаттығуларын орындай алуы сияқты бір-бірімен тығыз байланысқан компоненттерден тұратын тұлғаның кешенді сапасы болып саналады.

3. Жалпы дамыту жаттығулары арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жүйеленген теориялық әдіснамалық тұғырлар мен ішкі мазмұндық элементтері нақтыланған құрылым.

4.Ұсынылатын модель негізінде әзірленген арнайы оқу бағдарламасы дене шынықтыру мұғалімдеріне және ата-аналарға арналған арнайы әдістемелік іс шаралар жиынтығы.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

1. Жалпы дамыту жаттығулары арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдыларын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды.

2. «Бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдылары» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланды.

3. Жалпы дамыту жаттығулары арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылды.

4. Жалпы дамыту жаттығулары арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдыларын дамыту әдістемесі дайындалды, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығы:

Жұмыстың бірінші нәтижесі зерттеу мәселесіне қатысты ұлттық педагогика мұраларын, отандық, шет елдік философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектерді зерделеу нәтижесінде алынғандықтан *жаңа.*

Екінші нәтиже зерделенген ғылыми теориялық еңбектердегі түйінді ойларды тұжырымдай келе, диссертацияның тірек термині «бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдылары» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланғандықтан *жаңа.*

Жалпы дамыту жаттығулары арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдыларын дамытудың теориялық әдіснамалық негіздері, компоненттері мен өлшемдері, әдістері, деңгейлері айқындалған құрылымдық-мазмұндық моделі алғаш рет жасалғандықтан үшінші нәтиже *жаңа* болып

табылады. Бұл модель орта мектепте дене шынықтыру пәнін жаңартылған білім мазмұнына сай оқытудың сапасын арттыруға ықпал етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының жалпы дамыту жаттығулары арқылы өзбетімен орындау дағдыларын дамыту мәселесіне арнайы дайындалған әдістеме осы жұмыс мақсат - міндеттеріне сай алғаш рет дайындалғандықтан *жаңа* болып табылады. Әдістеме зерттеу барысында тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп оң нәтижесін көрсеттті.

Алынған нәтижелердің ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Зерттеу жұмысы ҚР «Білім туралы» Заңы, «Педагог мәртебесі» туралы Заң, Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы, «Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы», Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес келеді

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы

Зерттеу мәселесі бойынша докторанттың бастамашылдығы, ғылыми белсенділігі нәтижесінде төмендегі ғылыми еңбектер жарық көрді:

1. «Developing primary school students’ skills on general developmental exercises and teachers’ professional development on learning technologies in physical education» World Journal on Educational Technology: Current Issues Volume 13, Issue 1, (2021) 42-53. Докторант мақаланың негізгі авторы болып табылады. (50%)

2. Жалпы дамыту жаттығулары арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдыларын дамытудың дидактикалық негіздері // «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» ғылыми-теориялық журналы. – Алматы, 2019. – №4(58). – Б. 78-86. Диссертация тақырыбы бойынша дербес жазылған мақала.

3. Жалпы дамыту жаттығулары бастауыш сынып оқушыларының дене тәрбиесінің құралы ретінде // «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» ғылыми-теориялық журналы. – Алматы, 2020. – №1(59). – Б. 85-92. (Қосалқы авторлар: 50%)

4. Жалпы дамыту жаттығулары арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдыларын дамытудың психофизиологиялық негіздері // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми журналы. – Алматы,

5. «Развитие самостоятельности младших школьников на уроках физической культуры» // «Λόгοσ» der sammlung wissenschaftlicher arbeiten «Wissenschaftliche ergebnisse und errungenschaften. – 2020, december -25.

6. «Бастауыш сынып оқушыларына арналған жалпы дамыту жаттығулары» атты мұғалімдерге арналған әдістемелік құралда авторлық үлесі 70% (Терлікбаев Б.Т. Терлікбаев Қ.А. Қосалқы авторлар: 30%)

доля автора 70%